

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 574 "Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 61 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 наурызда № 6088 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 - бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3 - бабы 2 – тармағының 3) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 574 (2015 жылғы 9 ақпанда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3078 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қазақ тіліндегі қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса берілген Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу қағидалары бекітілсін.";

Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу қағидасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Айыртау ауданының әкімі

Б. Исманов

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы
әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурызы № 61
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы
әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 574
қаулысымен бекітілген

Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелек қағидалары

Осы Қағидалар Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қоргауға қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелек тәртібін анықтайды.

1. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелек мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелек жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелек туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті Айыртау ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-СҚО ПД Айыртау ауданының ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелек үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелек түрін, оның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес СҚО ПД Айыртау ауданының ПБ бастығының қосымша бүйрығы шығарылады.

6. СҚО ПД Айыртау ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің 252 003 "Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелек" бюджеттік бағдарламасымен жүргізеді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Айыртау ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, Айыртау ауданы әкімінің Алғыс хаттарын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықты беруді СҚО ПД Айыртау ауданының ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.